

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2025
Силлабус		28 беттің 1 беті

«Аурулардың алдын-алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру»

пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы

6B10111- «Қоғамдық денсаулық» білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: AASOSK 3230	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пән атауы: «Аурулардың алдын-алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру»	1.7	Курс: 3
1.3	Реквизитке дейінгі: Қоршаған орта және денсаулық, қоғамдық денсаулық негіздері	1.8	Семестр: 5
1.4	Реквизиттен кейінгі: Қоғамдық денсаулық сақтау	1.9	Кредит саны (ECTS): 5
1.5	Циклі: БП	1.10	Компонент: ЖК
2.	Пәннің мазмұны		
Білімді қалыптастыру: профилактикалық медицинаның негіздері, салауатты өмір салты және аурулардың қауіп факторлары туралы білім қалыптастыру. Қауіп факторларын талдау, халық денсаулығын бағалау, инклюзия қағидаттарын ескере отырып, профилактикалық іс-шараларды жоспарлау, ұйымдастыру және олардың тиімділігін бағалау дағдыларын дамыту.			
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша✓	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	ОҚКЕ /ОҚТЕ немесе тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
Жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың біріншілік және екіншілік алдын алу мәселелерін ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың гигиеналық сауаттылығын арттыру үшін білімі мен дағдыларын қалыптастыру.			
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері		
ОН1	Оқытылатын салада білім мен түсінушілікті көрсету: Қолайсыз әлеуметтік-экономикалық және басқа факторлармен байланысты ауруларды және қоршаған ортаның мүмкін болатын қолайсыз әсерлеріне ағзаның төзімділігін арттыруға, денсаулық пен физикалық дамуды жақсартуға және тиімділікті арттыруға бағытталған тиісті денсаулық сақтау шараларын біледі.		
ОН2	Білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, аргументтерді тұжырымдау және зерттелетін саланың мәселелерін шешу: Аурулардың дамуының қауіп факторларын дұрыс түсіндіре алады, әртүрлі аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін халық арасында жүргізілетін профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруды кәсіби қызметінде қолдана алады.		
ОН3	Әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау және түсіндіруді жүзеге асыру: Халықтың өмір сүру ұзақтығы туралы, өмір сүру сапасына байланысты жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың жалпы көрсеткіштері туралы сенімді ақпарат жинайды және нормативтік құжаттарға сілтеме жасай отырып, халықтың денсаулығын жақсарту жөніндегі өз ұсыныстарын қорытындылай отырып түсіндіреді.		
ОН4	Мамандарға да, маман еместерге де ақпаратты, идеяларды, мәселелерді шешеді: Білім алушыларға, оқытушылар мен емтихан қабылдаушыларға және басқа тұлғаларға денсаулық сақтау ұйымдары мен мекемелері үшін құқықтық база бойынша тұрғындардың денсаулығын қорғау, санитариялық заңнамалары бойынша өз білімін жеткізе алады.		
ОН5	Оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту		

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2025
Силлабус		28 беттің 2 беті

	дағдылары: Халықтың денсаулығын бағалау бойынша ғылыми-практикалық және профилактикалық жұмыстарды жүргізу кезінде сенімді электронды ақпарат алу үшін инклюзия негіздерін пайдалана отырып, адамдармен ортақ тіл табу тактикасын қолданады.					
ОН6	Ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды оқытылатын салада қолдану: Өз ойын шағын, құрылымды мәтін арқылы дәлелдейді, стилистикалық жағынан сөйлемдерді дұрыс құрастырады, есепке алу-есеп беру құжаттарын дұрыс рәсімдейді.					
5.1	Пәннің ОН	Пәннің ОН-мен байланысты ББ оқыту нәтижелері				
	ОН 3 ОН 4	ОН2. Қоғамдық денсаулық сақтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы бойынша мақсат қою және практикалық міндеттерді шешу үшін денсаулық сақтау мекемелері мен персоналды басқаруды ұйымдастырудың әртүрлі әдістері мен тәсілдерін қолданады				
	ОН 1 ОН 2	ОН7. Қоршаған ортаның сапасы, денсаулық жағдайы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, Денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі және халықтың көрсетілген медициналық қызметтерге қанағаттануы туралы деректерге мониторингті, талдауды жән бағалауды жүзеге асырады.				
	ОН 5 ОН 6	ОН13. Әлеуметтік, моральдық-этикалық нормаларды сақтайды, өзін-өзі дамыту дағдыларын жетілдіреді және инклюзивті оқыту және осал топтармен өзара іс-қимыл қағидаттарын қолдануды қоса алғанда, халық арасында әлеуметтік жұмыс пен медициналық-әлеуметтік көмекті ұйымдастыруды іске асырады.				
6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, Әл-Фараби алаңы 3, №4 оқу ғимараты, 3-4 қабат, аудитория 1-11. Телефоны (АТС)-40 82 22 (ішкі 312). Электрондық мекен-жайы: gigienakafedra@mail.ru					
6.2	Сағат саны 150	Дәріс 10	Тәжір. сабақ 40	Зерт. сабақ. -	ОБӨЖ 15	БӨЖ 85
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер					
№	ПОҚ-ның тегі, аты-жөні		Дәрежесі мен лауазымы		Электрондық мекен-жайы	
1	Утепов Пархат Дусембаевич		М.ғ.к., кафедра меңгерушісі		utepov.parkhat@mail.ru	
2	Ескерова Сара Устемировна		М.ғ.к., доцент м.а.		sarahesu@mail.ru	
8.	Тақырыптық жоспар					
Апта/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының әдістері /түрлері	Бағалау түрлері/әдістері
1	Дәріс. Салауатты өмір салты–халықтың денсаулығын сақтаудың және жақсартудың тәсілі.	Салауатты өмір салты түсінігі.Салауаттыөмір салтының құрылымы, қалыптасуы, ынталандырылуы	ОН 1 ОН 2	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Аурулардың	Аурулардың алдын-алу және СӨС саласындағы ҚРнегізгі заңдары.	ОН 1 ОН	3	Теориялық мәселелерді талқылау,	Ауызша сұрау

	алдын-алу және СӨС саласындағы негізгі заңды құжаттар.	Нормативтік- құқықты базаның мақсаттары мен міндеттері. Аурулардың алдын алу саласындағы нормативтік- құқықтық базаның рөлі. "Денсаулық сақтау жүйесі және халық денсаулығы туралы" ҚР Кодексі, "ҚР Денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы". Бағдарламалардың негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға жету, жолдары және тиісті шаралар. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері. Қажетті ресурстар.	3		нормативтік- әдістемелік құжаттар мен жұмыс істеу.	
	ОБӨЖ/БӨЖ. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы отбасы мен қоғамның рөлі. БӨЖ тапсырмалары: 1.СӨС қалыптастырудағы қоғамның рөлін анықтаңыз. 2.Балалардағы СӨС әдеттерін қалыптастырудағы ата-аналардың рөлін сипаттаңыз. 3.Халық арасында салауатты өмір салтын ұстануды күшейту бойынша алдын алу шараларын ұсыныңыз.	Жасөспірімдердің салауатты өмір салтын қалыптастыру негіздері. Отбасылық және жалпы қоғамдағы салауатты өмір салты. Жас ерекшеліктері бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру шарттары.	ОН1 ОН5	1/6	Презентация корғау, тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру.	Тексеру парағы
2	Дәріс. Өмір сүру сапасы, денсаулық және ұзақ өмір сүру.	Өмір сапасы түсінігі. Бағалау қағидалары, өмір сүру сапасының негізгі аспектілері.	ОН1 ОН 2 ОН3	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)

		Индивидуалдық және қоғамдық денсаулық. Денсаулық көрсеткіштері мен топтары.				
	Тәжірибелік сабақ. Халықтың өмір сүру сапасының түсінігі және көрсеткіштері. Өмір сапасын бағалау әдістері.	Өмір сүру сапасына әсер ететін факторларды талдау. Өмір сүру сапасынбағалау қағидалары.	ОН2 ОН3	3	Теориялық мәселелерді талқылау,миға шабуыл.	Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Аурулардың алдын алуда және СӨС қатысты мемлекеттік саясат. БӨЖ тапсырмалары: 1.СӨС қалыптастыру және жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу саласындағы мемлекеттің рөлін айтыңыз. 2. СӨС қалыптастыру және жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың алдын алу саласындағы санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің рөлін сипаттаңыз.	Денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтін ұйымдардың негізгі бағдарламалық құжаттары. ҚР Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негіздері.	ОН1 ОН2 ОН	1/6	Презентация қорғау, тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру.	Тексеру парағы
3	Дәріс. Аурулардың алдын алу, түрлері және тәсілдері. Алдын алу іс-шараларын жоспарлау және жүзеге асыру.	Алдын алу, шараларының түрлері. Аурулардың алдын алу іс-шараларын жоспарлау алгоритмі және оларды іске асыру жолдары.	ОН1 ОН2 ОН3	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Денсаулық және ауру. Аурулардың	"Денсаулық" және "Ауру" ұғымдары. Денсаулыққа әсер ететін факторлар. Аурулардың	ОН1 ОН2 ОН3	4	Теориялық мәселелерді талқылау, нормативтік	Ауызша сұрау

	пайда болу қауіп факторларын бақылау қағидалары.	пайда болуының қауіп факторларын бақылау қағидалары. Денсаулық жағдайын бағалау көрсеткіштері.			құжаттармен істеу.	
	ОБӨЖ/БӨЖ. Алдын-алу іс-шараларын ұйымдастыру: 1) Білім беру, 2) Өндірістік, 3) Емдеу-профилактикалық ұйымдарда. БӨЖ тапсырмалары: 1.Білім беру ұйымдарында алдын алу шараларын ұйымдастырудың ерекшеліктерін анықтаңыз. 2. Медициналық ұйымдарда жүзеге асырылатын профилактикалық іс-шараларына сипаттама беріңіз. 3.Өндіріс қызметкерлері арасында СӨС қалыптастыру шараларын ұсыныңыз.	Профилактикалық бағдарламаларды құрудың жалпы қағидалары. Алдын алу дәлелді медицина тұрғысынан алғанда.	ОН2 ОН3 ОН6	1/6	Презентация қорғау, тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді, алдын-алу іс-шараларын құрастыру.	Тексеру парағы
4	Дәріс. Алиментарлы инфекциялық емес аурулардың профилактикасы.	Алиментарлық- тәуелді инфекциялық емес аурулардың пайда болуы кезіндегі тамақтанудың рөлі. Созылмалы инфекциялық емес аурулардың себептері мен ерекшеліктері. Алиментарлық-созылмалы жағдайлар мен аурулардың алдын алу.	ОН2 ОН3 ОН4	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ.	Тиімді тамақтануды ұйымдастыру қағидалары.	ОН1 ОН2	3	Теориялық мәселелерді	Ауызша сұрау

Тиімді тамақтану -салауатты өмір салтының негізгі факторы.	Негізгі заттектер. Салауатты тамақтануға 12 қадам. Алиментарлық аурулардың таралуы.	ОН3 ОН4		талқылау, Исақ ава әдісі.	
ОБӨЖ/БӨЖ. 1) Артық салмақ пен семіздіктің алдын алу. 2) II типті қант диабетінің алдын алу. 3) Онкологиялық аурулардың алдын алу. БӨЖ тапсырмалары: 1.Қазақстанда және әлемде артық дене салмағының және семіздіктің, II-типті қант диабетінің, онкологиялық аурулардың таралуының статистикалық деректерін келтіріңіз. 2.ҚР нормативтік базаларын пайдалана отырып, аурулармен күресудің тиімді алдын алу шараларын жасаңыз. 3.Олардың халық арасында пайда болуының негізгі себептерін анықтаңыз. 4. Дене салмағының индексін формула бойынша есептеңіз. 5. Жоғарыда айтылған аурулардың алдын	Семіздік және II типті қант диабеті, онкологиялық ауру, себептері, пайда болуы және салдары. Алдын алу шаралары және олармен күресу.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН6	2/6	Ғылыми мақаларды талдау, алдын-алу іс-шараларын құрастыру.	Тексеру парағы

	алу бойынша ғылыми мақалаларды талдаңыз.					
5	Дәріс. Физикалық белсенділік және денсаулық.	Денсаулыққа кері әсер ететін факторлар. Денсаулыққа оң әсер ететін факторлар. Дене белсенділігінің артықшылықтары. Денсаулық үшін дене белсенділігі бойынша берілетін жаһандық ұсыныстар.	ОН1 ОН3 ОН4	1	Мәселелік	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Аз қимылды өмір салтына байланысты аурулар мен әлеуметтік салдардың алдын алу.	Гиподинамия мәселесі, себептері, салдары. Денсаулық сақтау технологиялары. Адамның денсаулық жағдайы мен жасына байланысты гиподинамияның алдын алу бойынша халықаралық ұсыныстар.	ОН2 ОН3	3	Теориялық мәселелерді талқылауға шабуыл.	Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Скандинавиялық жүру және денсаулық, оның аурулардың алдын алуға маңызы. БӨЖ тапсырмалары: 1. Скандинавиялық серуендеудің пайда болуы мен даму тарихын зерттеңіз. 2. Скандинавиялық жүрудің дене бұлшық еттеріне әсерін сызба түрінде көрсетіңіз. 3. Скандинавиялық жаяу жүрудің адамның ЖҚЖ әсерін бағалаңыз. 4. Скандинавиялық жүру кезіндегі энергия шығындарын	Скандинавиялық жүрудің ережесі мен техникасы. Өртүрлі жас топтарында скандинавиялық жүрудің мақсаты мен міндеттері. Скандинавиялық жүрудің адам денсаулығына тигізетін ықпалы.	ОН1 ОН3 ОН5	1/6	Презентация қорғау, тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру, ғылыми мақаланы талдау.	Тексеру парағы

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2025
Силлабус		28 беттің 8 беті

	есептеңіз. https://ecalcr.ru/walk/					
6	Дәріс. Ана мен баланың денсаулығын нығайтудың заманауи аспектілері.	Ана мен баланың денсаулығын қорғаудың жаһандық мәселелері. Ана мен баланың денсаулығын нығайту бойынша халықаралық ұсыныстар.	ОН1 ОН3 ОН4	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Ана мен баланың денсаулығын қорғау. Тұрғындардың репродуктивті денсаулығы.	«Ана мен баланың денсаулығын қорғау» түсінігі, денсаулыққа әсер ететін факторлар, алдын алу шаралары. "Денсаулық" және "репродуктивті денсаулық" ұғымы оның құрамдас бөлігі ретінде және олардың бұзылу көрсеткіштері. Адамның репродуктивті денсаулығына әсер ететін қоршаған орта факторлары.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	4	Теориялық мәселелерді талқылау, Исакава әдісі	Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Ұйқы және денсаулық. БӨЖ тапсырмалары: 1. Ұйқының түрлерін, кезеңдерін және оның физиологиялық маңыздылығын зерттеңіз. 2. Сапалы ұйқының адам ағзасына әсерін бағалаңыз. 3. "Ұйқы және денсаулық" тақырыбындағы ғылыми мақалаларды талдаңыз. 4. Өткізілген дәріс, практикалық сабақтар және БӨЖ 1-6 тақырып материалдарын	Ұйқы туралы жалпы түсінік және оның түрлері. Ұйқының адам денсаулығына әсері. Ұйқы гигиенасы. Ұйқыға әсер ететін факторлар. Түнгі және күндізгі ұйқының құрылымы.	ОН1 ОН2 ОН4	1/5	Презентация қорғау, тест сұрақтары және жағдайлық есептерді құрастыру, ғылыми мақаланы талдау.	Тексеру парағы

	қайталаңыз.					
	Аралық бақылау - 1	Дәрістердің, практикалық және СӨЖ сабақтарда өткен 1-6 тақырыптары бойынша білімі мен дағдыларын бағалау.	ОН 1 ОН2 ОН 3 ОН4 ОБ ОН		Тестілеу	Тексеру парағы
7	Дәріс. Әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын-алу.	"Әлеуметтік маңызы бар аурулар" түсінігі. Қазақстандағы әлеуметтік маңызы бар аурулардың тізімі. Әлеуметтік маңызды аурулардың мәселелерін шешудегі профилактикалық медицинаның рөлі.	ОН1 ОН3 ОН4	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Туберкулез және ЖҚЖ ауруларының алдын алу.	Халық арасында туберкулездің алдын алудың заманауи мәселелері. Туберкулездің нозологияға дейінгі диагностикасы, емдеуі және антибиотикке төзімділік. Туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдай. ЖҚЖ ауруларының алдын алу шаралары. Нормативтік құжаттар. ДДҰ ұсыныстары.	ОН1 ОН2 ОБ ОН	3	Теориялық мәселелерді талқылау, алдын-алу іс-шараларын құрастыру, Исакава әдісі.	Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ. 1) ЖИТС алдын алу. 2) ЖЖБА алдын алу. 3) Қатерлі ісіктердің алдын алу. БӨЖ тапсырмалары: 1. Жоғарыда аталған аурулардың негізгі қауіп факторларын анықтаңыз.	ЖИТС, ЖЖБА және онкологиялық аурулардың алдын алудың негізгі нысандары мен әдістері. Эпидемиологиялық қадағалау. Аурулардың алдын алу саласындағы нормативтік құжаттар. ДДҰ ұсыныстары.	ОН 2 ОН3 ОН ОБ	1/6	Презентация қорғау, тест сұрақтары және жағдайлық есептерді құрастыру, ғылыми мақаланы талдау.	Тексеру парағы

	2.Қазақстанда және әлемде таралуының статистикалық деректерін келтіріңіз. 3.ҚР нормативтік базаларын пайдалана отырып, аурулармен күресудің тиімді алдын алу шараларын жасаңыз.					
8	Дәріс. Тағамдық аддикциялардың алдын алу.	Жаман әдеттер, түрлері. Азық-түлікке тәуелділік туралы түсінік. Жүйке булимиясы. Жүйкелік анорексия. Тәуелділік мінез-құлықтың алдын алу туралы заманауи көзқарастар.	ОН1 ОН3 ОН4	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Аддиктивті мінез-құлық. Патологиялық гемблинг. Тағамдық аддикциялар. Орторексия.	Тәуелділік мінез-құлқының жіктелуі. Патологиялық құмар ойындар. Азық-түлікке тәуелділіктің түрлері және олардың сипаттамалары.	ОН 2 ОН3	3	Теориялық мәселелерді талқылау	Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ. 1) Жастар арасындағы интернет-тәуелділік. 2) Эмоциялар, күйзеліс пен денсаулық. БӨЖ тапсырмалары: 1. Күйзеліс жағдайлары мен интернетке тәуелділіктің дамуының объективті себептерін анықтаңыз. 2. Адамның	Жастар арасында Интернетке тәуелділіктің таралу мәселелері және оны шешу жолдары. Эмоциялар, күйзеліс және денсаулық туралы жалпы түсінік. Эмоцияларды зерттеудің теориялық негіздері. Эмоционалды тұрақсыздық мәселелері тұлғалар. Күйзелістің	ОН2 ӨБ ОН4	2/6	Презентация қорғау, тест сұрақтары және жағдайлық есептерді құрастыру.	Тексеру парағы

	денсаулық жағдайына күйзеліс пен эмоцияның, интернетке тәуелділіктің әсерін сипаттаңыз. 3. Қазіргі мектеп оқушылары мен студенттердің психологиялық мәртебесіне баға беріңіз. 4. Адамның эмоционалдық күйзелісі мен интернетке тәуелділігін азайту үшін тиімді шараларды ұсыныңыз.	адамның психологиялық денсаулығына әсері.				
9	Дәріс. Нашақорлықтың алдын-алу.	Нашақорлықтың мәселелері. Жасөспірімдердің нашақорлыққа тәуелділік деңгейін анықтау бойынша диагностиканың ідістемесі. Жастарда нашақорлықтың алдын алу бойынша бағдарламаның іске асырылуы.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	1	Мәселелік	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Мінез-құлық қауіп факторлары. Темекі шегуге қарсы күрес шаралары. ДДҰ ұсыныстары.	Темекі шегу проблемалары. Жастардағы темекі шегудің алдын алу бағдарламаның тиімділігі. Шылым шегетін қоспалардың түрлері, вейптер, олардың адам денсаулығына әсері және салдары. "Өкпенің попкорн ауруы немесе "облитеративті бронхит". Қазақстанда және әлемде темекі шегуге қарсы күрес шаралары. Занды құжаттар.	ОН2 ОН3 ОН4 ОН5	4	Теориялық мәселелерді талқылау, Исакава әдісі	Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ.	Алкоголизм,	ОН2	1/6	Презентация	Тексеру

	Алкоголизм мен токсикоманияның алдын алу. БӨЖ тапсырмалары: 1.Алкоголизм мен токсикоманияның таралуы туралы статистиканы келтіріңіз. Қазақстанда және әлемде. 2. ҚР нормативтік базаларын пайдаланып, алкогольизммен және токсикоманиямен күресудің тиімді алдын-алу шараларын жасаңыз.	токсикомания мәселелері. Жасөспірімдердің алкогольге, токсикоманияға тәуелділік деңгейін анықтау үшін диагностиканың психологиялық-педагогикалық әдістемесі. Жасөспірімдерде алкогольизмнің, уытқұмарлықтың алдын алу жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және сынақтан өткізу.	ОН3 ОН4 ОН6		қорғау, тест сұрақтары және жағдайлық есептерді құрастыру.	парағы
10	Дәріс. Жұқпалы және паразиттік аурулардың алдын-алу.	«Жұқпалы» және «паразиттік аурулар» ұғымы. Иммуитеттің түрлері. Жұқпалы және паразиттік аурулардың себептері мен ерекшеліктері. Үш буынға бағытталған профилактикалық іс-шаралар эпидемиялық процесс. Диагностика мен алдын алудың заманауи әдістері.	ОН 3 ОН4	1	Шолу	Кері байланыс (сұрақ-жауап)
	Тәжірибелік сабақ. Профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар жүйесіндегі иммундық профилактиканың орны.	Иммунопрофилактика, оның халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығындағы маңызы. Ұлттық екпе күнтізбесі.	ОН3 ОН4 ОН5 ОН6	3	Теориялық мәселелерді талқылау	Ауызша сұрау

	ОБӨЖ/БӨЖ. 1) Қауіпті және маусымдық жұқпалы аурулардың алдын алу. 2) Гельминтоздың алдын алу. БӨЖ тапсырмалары: 1.Әлемде және Қазақстанда қауіпті инфекциялар мен гельминтоздар бойынша ағымдағы эпидемиологиялық жағдайды талдаңыз. 2.Қауіпті инфекциялар мен гельминтоздар үшін профилактикалық және эпидемияға қарсы шараларды жасаңыз. 3.Жұқпалы аурулар мен Гельминтоздың алдын алу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді зерттеңіз.	Жұқпалы аурулар түсінігі, жіктелуі аурулар. Профилактикалық және эпидемияға қарсы шаралар, түрлері, тиімділігі. Нормативтік құжаттар. ДДҰ ұсыныстары.	ОН 3 ОН4 ОН	2/6	Презентация қорғау, тест сұрақтары және жағдайлық есептерді құрастыру, ғылыми мақаланы талдау.	Тексеру парағы
11	Тәжірибелік сабақ. СӨС насихаттау негіздері.	СӨС ұғымы. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға әсер ететін факторлар. Салауатты өмір салтын насихаттау түрлері.	ОН 1 ОН2	3	Теориялық мәселелерді талқылау, жұппен жұмыс	Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ. ТМД және дамыған елдердегі салауатты өмір салтын насихаттау. БӨЖ тапсырмалары: 1. Өмір салтын қалыптастыратын факторларды	Салауатты өмір салтын қалыптастыру ерекшеліктері. Салауатты өмір салты мәдениетінің негіздері. Салауатты өмір салтын насихаттаудың әдістері, мәселелері және болашағы.	ОН1 ОН2 ОН	1/5	Презентация қорғау, тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру	Тексеру парағы

	сипаттаңыз. 2.Өмір салтының негізгі қауіп факторларын және олардың Медициналық және әлеуметтік маңыздылығын сипаттаңыз. 3.Дамыған елдерде және ТМД-да СӨС насихаттау бойынша жүргізіліп жатқан іс-шараларды салыстырыңыз. 4.Халықты гигиеналық тәрбиелеуде қолданылатын әдістер мен үгіт-насихат құралдарына сипаттама беріңіз.					
12	Тәжірибелік сабақ. СӨС орталықтары мен санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің аурулардың алдын алудағы рөлі.	СӨС орталығының және санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің құрылымы мен функциялары.	ОН2 ОН3 ОН5	4	Теориялық мәселелерді талқылау,Исақова әдісі.	Ауызша сұрау
	ОБӨЖ/БӨЖ. ҚР-да егде жастағыларға арналған профилактикалық іс-шаралар. БӨЖ тапсырмалары: 1.Егде жастағы адамдарда СӨС әдеттерін қалыптастырудағы бағдарламаларға сипаттама беріңіз. 2.Егде жастағы адамдар арасында салауатты өмір	Егде жастағы адамдар санаты үшін салауатты өмір салты. Белсенді ұзақ өмір сүру, оны жүзеге асыру жолдары.	ОН1 ОН2 ОН5	2/5	Презентация қорғау, тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру.	Тексеру парағы

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2025
Силлабус		28 беттің 15 беті

салтын ұстануды күшейту үшін алдын алу шараларын ұсыныңыз 3.Дәрістердің, практикалық сабақтардың және БӨЖ 7-12 тақырыптар материалдарын қайталаңыз.					
Аралықбақылау - 2	Дәрістердің, практикалық және СӨЖ сабақтарда өткен 7-12 тақырыптары бойынша білімі мен дағдыларын бағалау.	ОН 1 ОН2 ОН3 ОН4 ОН5 ОН6		Тестілеу	Тексеру парағы

Аралық аттесттауға дайындау және өткізу

15 сағат

9. Оқыту және бағалау әдістері

9.1	Дәріс	Шолу, мәселелік, кері байланыс
9.2	Тәжірибелік сабақ	Теориялық мәселелерді талқылау, ауызша сұрау, жұппен жұмыс істеу, Исакава әдісі, алдын-алу іс-шараларын құрастыру. Ауызша сұрау.
9.3	ОБӨЖ/БӨЖ	Презентация қорғау, тест сұрақтарын және жағдайлық есептерді құрастыру, ғылыми мақаланы талдау. Аурулардың алдын алу шараларын құрастыру. Тексеру парағы.
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу. Тексеру парағы.

10. Бағалау критерийлері

10.1 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелері	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Оқытылатын салада білім мен түсінушілікті көрсету: Қолайсыз әлеуметтік-экономикалық және басқа факторлармен байланысты ауруларды және қоршаған ортаның мүмкін болатын қолайсыз әсерлеріне ағзаның төзімділігін арттыруға, денсаулық пен физикалық дамуды жақсартуға және тиімділікті арттыруға бағытталған тиісті денсаулық сақтау шараларын біледі.	1) Халықтың денсаулығын нығайту негіздерін түсінбейді. 2) Әлеуметтік - экономикалық және басқада факторлардың әсеріне байланысты аурулар туралы білімін	1) Өмір салтының негізгі категориялары мен элементтерін жіктей алады. 2) Халық денсаулығын анықтайтын факторлар мен жағдайларын атап береді. 3) Адам ағзасының қарсы тұру	1) Халық арасында өмір салтын қалыптастыру тәсілдері мен түрлерін меңгерген. 2) Халықтың денсаулығына, физикалық дамуына	1) Халық денсаулығының негізгі тура және жанама көрсеткіштерін жіктей алады. 2) Халықтың денсаулығын

		көрсете алмайды.	қабілетін арттыратын сауықтыру іс-шараларының маңызын түсінеді.	және жұмыс қабілетіне әсер ететін қолайсыз факторларды түсіндіреді. 3) Халықтың денсаулық жағдайын, физикалық дамуын және жұмыс қабілетін жақсарту бойынша сауықтыру әс-шараларын жіктей алады.	нығайту және аурулардың алдын алу бойынша ҚР негізгі заңды құжаттарына сүйенеді. 3) Адам ағзасының қарсы тұру қабілетін арттыруға бағытталған сауықтыру іс-шараларының басты бағыттарын ұсынады.
ОН2	Білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, аргументтерді тұжырымдау және зерттелетін саланың мәселелерін шешу: Аурулардың дамуының қауіп факторларын дұрыс түсіндіре алады әртүрлі аурулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін халық арасында жүргізілетін профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруды кәсіби қызметінде қолдана алады.	1) Өмір сапасы мен денсаулық арасындағы себеп-салдарлық байланыс туралы түсінік қалыптаспаған. 2) Өмір сапасына байланысты аурулардың дамуының қауіп факторларын атап бере алмайды. 3) Халық арасында ауруды	1) Халықтың өмір сүру сапасының көрсеткіштерін атап береді. 2) Өмір сүру сапасын бағалау әдістері менгеру дағдысын көрсетеді. 3) Аурулардың дамуының қауіп факторларын қадағалауды жүргізбейді.	1) Салауатты өмір салтын насихаттау түрлерін тізбектеп береді. 2) Халықтың денсаулығын нығайтуды насихаттау әдістері мен мәселелерін өзінiң кәсіби	1) Қазақстандағы әлеуметтік маңызды аурулардың интерпретациялайды. 2) Әлеуметтік маңызды аурулардың төмендетуде профила

		төмендету бойынша алдын алу іс-шаралар жоспарлай алмайды.		қызметінде қолданады. 3) Әлеуметтік маңызды аурулардың алдын алуы жүргізеді.	этикалық медицина аның рөліне баға береді. 3) Жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша ұсыныстар береді.
ОНЗ	Әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескеріп отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинау және түсіндіруді жүзеге асыру: Халықтың өмір сүру ұзақтығы туралы, өмір сүру сапасына байланысты жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың жалпы көрсеткіштері туралы сенімді ақпарат жинайды және нормативтік құжаттарға сілтеме жасай отырып, халықтың денсаулығын жақсарту жөніндегі өз ұсыныстарын қорытындылай отырып түсіндіреді.	1) Негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштері туралы білімін көрсете алмайды. 2) Қоғамдық денсаулықтың басты көрсеткіштерін атап бере алмайды. 3) Халықтың денсаулық жағдайын жақсарту бойынша қорытындыларды ұсыныстар түрінде құрастыра алмайды.	1) ҚР халқының аурушандық көрсеткіштерін жіктей алмайды. 2) Жұқпалы аурулардың себептері мен ерекшеліктерін тізбектейді. 3) Халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған алдын алу іс-шараларын атайды.	1) Жұқпалы емес аурулардың эпидемиологиясы, таралуы және берілу жолдарын интерпретациялайды. 2) Қоғамдық денсаулық көрсеткіштерін жақсарту бойынша іс-шараларды ұсынады. 3) Халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған алдын алу іс-шараларын	1) Қоғамдық денсаулық көрсеткіштерін жақсарту бойынша нақты іс-шараларды іске асырады. 2) Медициналық-демографиялық көрсеткіштерін талдайды. 3) Қоғамдық денсаулық көрсеткіштерін жақсарту бойынша

				құрастырады.	жүргізілген іс-шаралардың тиімділігіне баға береді.
ОН 4	Мамандарға да, маман еместерге де ақпаратты, идеяларды, шешеді: Білім алушыларға, оқытушылар мен емтихан қабылдаушыларға және басқа тұлғаларға денсаулық сақтау ұйымдары мен мекемелері үшін құқықтық база бойынша тұрғындардың денсаулығын қорғау, санитариялық заңнамалары бойынша өз білімін жеткізе алады.	1) Халықтың денсаулығын нығайтуда заңды құжаттардың рөлін түсінбейді. 2) Өмір салтына байланысты жұқпалы емес аурулардың пайда болу себептерін түсіндіре алмайды. 3) Өмір салтына байланысты аурулар туралы БАҚ арқылы халықты хабардар ету әдістерін білмейді.	1) Қоғамдық денсаулық көрсеткіштері туралы ақпаратты жинауды іске асырудың тәсілдерін менгерген. 2) Халық арасында аурушандықтың пайда болуына алып келетін факторлар мен жағдайлар туралы білімді беруге қабілетті. 3) Өмір сүру сапасына байланысты әртүрлі аурулардың туындауы туралы халықты ақпараттандыру әдістері мен тәсілдерін атайды.	1) Қоғамдық денсаулық көрсеткіштерін жинақтау және талдаудың маңызын түсінеді. 2) ҚР халқының аурушандық пен өмір сүру сапасы арасындағы себеп-салдарлық байланысты түсіндіреді. 3) Кәсіби мамандармен халықты жұқпалы аурулардың туындауы туралы хабардар етуде әдістерді, күштерді және заңдарды пайдаланады.	1) Қоғамдық денсаулық көрсеткіштерін жинаудағыларын көрсетеді. 2) Халық денсаулығының алынған көрсеткіштерін талдайды. 3) Қазіргі жағдайда әртүрлі аурулардың пайда болуы туралы халықты ақпараттандырудың тиімді әдістерін ұсынады.
ОН5	Оқытылатын салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқыту дағдылары:	1) Сенімді ақпаратты алу үшін негізгі коммуникативт	1) Халық денсаулығын бағалауда алдын алу	1) Вербалды және вербалды емес	1) Сенімді ақпаратты алу

	Халықтың денсаулығын бағалау бойынша ғылыми-практикалық және профилактикалық жұмыстарды жүргізу кезінде сенімді электронды ақпарат алу үшін инклюзия негіздерін пайдаланып , адамдармен ортақ тіл табу тактикасын қолданады.	і дағдыларды, инклюзия негіздерін білмейді. 2) Халық арасында заманауи әдістер мен күштерді қолдану дағдысын меңгермеген. 3) Халық арасында жұқпалы және жұқпалы емес аурулар бойынша насихаттау жұмысын жүргізе алмайды.	жұмысын жүргізуде сенімді ақпаратты арудың маңызын түсінеді. 2) Сенімді ақпаратты алу үшін тұлғалармен қарым-қатынас орнату тактикасын, инклюзия негіздерін қолданып , жоспарлайды. 3) Халық арасында аурулар бойынша түсіндірме жұмысының әдістерін қолданбайды.	қарым-қатынастың маңыздылығын түсіндіреді. 2) Халықтың денсаулығын бағалау бойынша дәлелді медицина негізінде алынған ақпаратты пайдаланады. 3) Тұрғындардың денсаулығын алдын алуын бағалау бойынша және ғылыми-тәжірибелік жұмыстарын жүргізуде сенімді ақпаратты қолданады.	үшін коммуникативті қарым-қатынастың тактикасын бейімдейді. 2) Тұрғындар денсаулығын бағалауда сенімді ақпаратқа негізделген алдын алу іс-шараларын жүргізеді. 3) Өртүрлі ақпараттық базалардан сенімді мәліметтер алу үшін тәсілдер мен түрлерді ұсынады.
ОН6	Ғылыми зерттеулер мен академиялық жазу әдістерін білу және оларды оқытылатын салада қолдану: Өз ойын шағын, құрылымды мәтін арқылы дәлелдейді, стилистикалық жағынан сөйлемдерді дұрыс құрастырады, есепке алу-есеп беру құжаттарын дұрыс рәсімдейді.	1) Презентация, түрінде білім алушының өзіндік жұмысы арқылы өз ойларын негіздей алмайды.	1) Білім алушының өз ойларын жеткізу үшін құрылымдық мәтіннің маңыздылығын түсінеді. 2) Академиялық хаттың және	1) Өзіндік тұжырымдарды нақты мәтін арқылы келтіреді. 2) Халық денсаулығын қорғау бойынша	1) Өзіндік тұжырымдарды қысқа, құрылымдық мәтін арқылы негіздейді.

		2) Білім алушының өзіндік жұмысында қолданған әдеби көздерді рәсімдей алмайды	ғылыми зерттеудің әдістерін біледі. 3) Өзіндік тұжырымдарды құрылымдық мәтін түрінде рәсімдей алмайды.	өзінің ұсыныстарын құрастырады. 3) Ақпаратты алу кезінде әдеби көздерді рәсімдейді.	2) Білім алушының өзіндік жұмысында академиялық хатпен ғылыми зерттеу әдістерін пайдаланады. 3) Аймақтағы қоғамдық денсаулықты нығайтуда өзінің ұсыныстарын береді.
--	--	---	---	--	--

10.2 Бағалау әдістері мен критерийлері

Тәжірибелік сабаққа арналған тексеру парағы

Ауызша сұрау

№	Бағалау критерийлері	Өте жақсы (90-100%)	Жақсы (70-89%)	Қанағаттанарлық (50-69%)	Қанағаттанарлықсыз (<50)
1	Қарастырылатын тақырып бойынша негізгі терминдер мен анықтамаларды біледі.	30-35	15-20	10-19	<6
2	Қарастырылатын тақырыптың негізгі сұрақтарын біледі.	25-30	20-10	15-20	<6
3	Қарастырылатын тақырыптың болашақ мамандықпен өзара байланысын анықтай білу, нақты практикалық мысалдар келтіре біледі.	20-25	15-30	15-20	<6
4	Жауап беру кезіндегі қосымша әдеби дереккөздерге сілтемелер, қосымша конспект, медициналық	15-10	20-29	10-10	0-2

ОНТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2025
Силлабус		28 беттің 21 беті

жарияланымдарды талдайды.					
------------------------------	--	--	--	--	--

ОБӨЖ/БӨЖ-ге арналған тексеру парағы

Презентацияны қорғау

1	Өте жақсы А (95-100%) А- (90-94%)	Егер де білім алушы презентация кезінде ешқандай қателік пән дәлсіздік жібермесе. Тақырып бойынша теорияларды, концепция мен бағыттарды білсе және оларға баға бере білсе, ғылыми жетістіктерді келтіргенде. Мазмұны мен безендірілуі презентацияға қойылатын талапқа сай болғанда. Тақырып бойынша дайындалған слайдтар саны 25 болғанда.
2	Жақсы В+ (85-89%) В (80-84%)	Егер білім алушы презентация кезінде принципіалды емес дәлсіздіктерге немесе оқушының өзі түзеткен принципіалды емес қателіктерге жол берсе, материалды өзі жүйелей алған жағдайда қойылады. Презентацияның мазмұны бойынша кішігірім қателіктер бар. Тақырып бойынша слайдтар саны 22.
	В- (75-79%) С+ (70-74%)	Егер де білім алушы презентация кезінде айтарлықтай емес қателік пен айтарлықтай емес дәлсіздік жіберсе немесе қағидалық қателік жіберіп, оны білім алушы өзі түзесе, материалды оқытушының көмегімен жүйелей білгенде. Мазмұны мен безендірілуінде презентацияға қойылатын талаптан сәл ғана ауытқу болғанда. Тақырып бойынша дайындалған слайдтар саны 20 болғанда.
3	Қанағаттанарлық С (65-69%) С- (60-64%)	Егер де білім алушы презентация кезінде айтарлықтай дәлсіздік жібергенде немесе қағидалық қателік жіберіп, оқытушы айтқан негізгі әдебиттермен ғана шектелгенде, материалды жүйелей алмағанда. Мазмұны мен безендірілуінде презентацияға қойылатын талаптан айтарлықтай ауытқушылық болғанда. Презентацияның мазмұны тақырыпқа сай келмегенде. Дайындалған слайдтар саны 15-тен кем болғанда.
	D+ (50-54%) D (50-54%)	Егер де білім алушы презентация кезінде қағидалық қателік жіберсе, ғылыми терминологияны қолдана алмағанда, логикалық қатемен баяндағанда. Мазмұны мен безендірілуінде презентацияға қойылатын талаптан айтарлықтай ауытқушылық болғанда. Презентацияның мазмұны тақырыпқа сай келмегенде. Тақырып бойынша слайдтар саны 10 болғанда.
4	Қанағаттанарлықсыз FX (25-49%) F(0-24%)	Презентацияның мазмұны таңдалған тақырыпқа сай емес. Мазмұны мен безендірілуінде талаптан айтарлықтай қате болғанда. Дайындалған слайдтар саны 10-нан кем болғанда. Әдебиеттер тізімі көрсетілмеген болса және көрсетілген мерзімде тапсырылмағанда. Презентация дайындамағанда.

Жағдайлық есептерді құрастыру

№	Бағалау критерийлері	Өте жақсы (90-100%)	Жақсы (70-89%)	Қанағаттанар лық (50-69%)	Қанағаттанарл ықсыз (25-49%)
---	-------------------------	------------------------	-------------------	---------------------------------	------------------------------------

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2025
Силлабус		28 беттің 22 беті

1	А 4, қаріп Times New Roman, шрифт өлшемі 14, есептер саны 5, тапсырмалар саны 3-4 кем емес.	18-20	14-17,8	10-1,8	0-9,8
2	Есептер берілген тақырыпқа сай, жағдай мен фактілер, қойылған сұрақтар жалпыға түсінікті.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8
3	Кәсіби терминологиясы бар, тақырыпқа сай нормативтік-құқықтық құжаттар мен СанЕ қолданылған.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8
4	Әдебиеттер саны 5-6 кем емес, соңғы 5 жылды қамтиды. Есеп тердің жауаптары бар, дұрыс құрастырылған.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8
5	Ғылыми терминологияны қолдана отырып, нақты, сауатты, дәлелді түрде есеп бере білу.	18-20	14-17,8	10-13,8	0-9,8

Құрастырылған тест тапсырмалары

№	Бағасы	Бағалау критерийлері
1	Өте жақсы А (95-100%)	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Тест тапсырмалары лексикалық сауатты құрастырылған. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Тесттің мазмұны тек бір толық ойға ие және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Нормативтік құжаттарды, сондай-ақ осы тақырып бойынша жаңа ғылыми-статистикалық материалдарды пайдалану.
	A- (90-94%)	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Тест тапсырмалары лексикалық сауатты құрастырылған. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Тесттің мазмұны тек бір толық ойға ие және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген.
2	Жақсы B+ (85-89%)	Тест тапсырмаларында 20 сұрақ бар. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Сұрақтарды құрастыруда "кейде", "әрқашан", "ешқашан", "жиі"сөздері қолданылады.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2025
Силлабус		28 беттің 23 беті

	B (80-84%)	Тест тапсырмалары кемінде 20 сұрақтан тұрады. Жауаптың 5 нұсқасы бар. Белгіленген мерзімде тапсырылды. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Жауаптардың бірдей және барабар нұсқалары. Жауаптар алгоритмі бар және дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Құрастыру кезінде орфографиялық қателіктер жіберілді.
	B- (75-79%)	Тест тапсырмалары кемінде 18 сұрақтан тұрады және белгіленген мерзімде тапсырылған. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Құрастыру кезінде орфографиялық қателіктер жіберілді. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Тапсырмада жауаптың тек 4 нұсқасы бар.
	C+ (70-74%)	Тест тапсырмалары 16 сұрақтан тұрады және белгіленген мерзімде тапсырылған. Мәтіннің негізі мазмұнды. Тест тапсырмалары нақты, дұрыс, нақты тұжырымдалған. Құрастыру кезінде орфографиялық қателіктер жіберілді. Дұрыс жауаптар дұрыс белгіленген. Тапсырмада жауаптың тек 4 нұсқасы бар.
3	Қанағаттанарлық C (65-69%)	Тест тапсырмаларында 14 сұрақ болады. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, дұрыс емес, нақты емес. Тапсырмада жауаптың тек 4 нұсқасы бар.
	C- (60-64%)	Тест тапсырмаларында 12 сұрақ болады. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, дұрыс емес, нақты емес. Тапсырмада жауаптың тек 3 нұсқасы бар. Тапсырманың жауаптарында "барлық жауаптар дұрыс/барлық жауаптар дұрыс емес" және "жоғарыда айтылғандардың бәрі/төменде айтылғандардың бәрі" бар.
	D+ (55-59%)	Тест тапсырмаларында 10 сұрақ болады. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, дұрыс емес, нақты емес. Тапсырмада жауаптың тек 3 нұсқасы бар. Тапсырма сұрақ түрінде жасалады. Кейбір тапсырмалар тақырыпқа сәйкес келмейді.
	D (50-54)	Тест тапсырмаларында 10 сұрақ бар. Тесттер уақтылы тапсырылмаған. Мәтіннің негізі мағынасыз. Тест тапсырмалары бар, анық емес, нақты емес. Барлық дұрыс жауаптар дұрыс белгіленбеген.
4	Қанағаттанарлықсыз FX (25-49%)	Тест тапсырмаларында 10-нан кем сұрақ бар. Мәтіннің мазмұны жоқ, сұрақтың тұжырымы анық емес. Жауаптарда бір тұтастық және жауап алгоритмі жоқ. Уақтылы тапсырылмаған.
	F(0-24%)	Тесттер құрастырылмаған.

Ғылыми мақаланы талдау (RBL элементі - research-based learning)

№	Бағасы	Бағалау критерийлері
1	Өте жақсы A (95 – 100%) A - (90 – 94%)	Ғылыми әдебиеттерді шолу көздерінің мәліметтер базасын таңдады. Мақсаттар мен міндеттерді анықтады. Іздеуді жоспарлау және талдау әдістерін көрсетті. Ғылыми мақалаларға талдау жүргізді. Талдайтын тақырыптың негізгі мәселелері мен сұрақтары бойынша зерттеу нәтижелерін көрсетеді. Тақырып бойынша қорытынды жасады. 3 ғылыми мақалаларды талдады. Осы мәселені шешу үшін ұсыныс берді. Соңғы 5 жылдағы кем дегенде 5-7 әдебиетті пайдаланды.

2	Жаксы B + (85-89%) B (80 – 84%) B- (75 - 79%) C+ (70-74%)	Ғылыми әдебиеттерді шолу көздерінің мәліметтер базасын таңдады. Мақсат пен міндеттерді анықтады. Іздеу және талдау әдістерін жоспарлады. Талданатын тақырыптың негізгі мәселелері мен сұрақтары бойынша зерттеу нәтижелерін көрсетті. Тақырып бойынша жасалған тұжырымдар қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Тақырып бойынша қорытынды жасады. 3 кем емес ғылыми мақаланы талдады. Бұл мәселені шешу үшін ұсыныстар берді. Соңғы 10 жылдағы 5 әдебиетті пайдаланды.
3	Қанағаттанарлық C (65-69%) C - (60-64%) D+ (55 – 59%) D (50 – 54%)	Қойылған мақсат пен міндеттер зерттелетін тақырыпты толық ашпайды. Талдау әдістемесі анықталмаған. Жүргізілген талдауда зерттелетін тақырыптың негізгі сұрақтары мен мәселелері бойынша зерттеу нәтижелері көрсетілмейді. Тұжырымдар бар. Бұл мәселені шешуге арналған ұсыныстар тақырыпқа сәйкес келмейді. Тақырып бойынша қорытынды жасады. 2 ғылыми мақаланы талдады. Соңғы 10-15 жылдағы кем дегенде 4 әдебиет дереккөзі қолданылды.
4	Қанағаттанарлықсыз FX (25 – 49%) F (0-24%)	1 ғылыми мақаланы талдау. Талдау зерттелетін тақырыптың негізгі мәселелері мен сұрақтары бойынша зерттеу нәтижелерін көрсетпейді. Тақырып бойынша осы мәселені шешуге арналған тұжырымдар мен ұсыныстар жоқ. Соңғы 15-20 жылдағы әдебиеттер, кем дегенде 3 дереккөзде пайдаланылды. Ғылыми мақалаларға талдау жүргізілмеді.

Білім алушының жауабының толықтығы дәрежесін ескере отырып, 100 балдық шкала бойынша жазбаша жұмысты бағалау:

Баға	Критерийлер
Өте жақсы A+ (95- 100%) A-(90-94%)	1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс және толық жауаптар берілді. 2. Практикалық тапсырма толығымен орындалды. 3. Материал логикалық дәйектілікті сақтай отырып, дұрыс баяндалды. 4. Нормативтік-құқықтық актілерді қолдану дағдылары көрсетілді.
Жаксы B+(85-89%) B (80-84%)	1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауаптар берілді, студенттердің өздері түзеткен маңызды емес дәлсіздіктерге жол берілді. 2. Практикалық тапсырма орындалды, бірақ кішігірім қателік жіберілді. 3. Материал логикалық дәйектілікті сақтай отырып, дұрыс баяндалған. 4. Нормативтік-құқықтық актілердің теориялық білімі көрсетілді.
B- (75-79%) C+ (70-74%)	1. Барлық теориялық сұрақтарға дұрыс, бірақ толық емес жауаптар берілді, елеусіз қателіктер немесе дәлсіздіктер жіберілді. 2. Практикалық тапсырма орындалды, бірақ кішігірім қателік жіберілді. 3. Материал логикалық дәйектілікті сақтай отырып, дұрыс баяндалды. 4. Нормативтік-құқықтық актілердің атаулары ғана аталды.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2025
Силлабус		28 беттің 25 беті

Қанағаттанарлық C (65-69%) C- (60-64%)	1. Теориялық сұрақтарға жауаптар негізінен дұрыс, бірақ толық емес, тұжырымдардағы дәлсіздіктер мен логикалық қателіктер жіберілді. 2. Практикалық тапсырма толығымен орындалмады. 3. Материал сауатты ұсынылған, бірақ логикалық реттілік бұзылды. 4. Тек нормативтік құқықтық актілердің атаулары келтірілді.
D+ (55-59%) D (50-54%)	1. Теориялық сұрақтарға жауаптарда өрескел қателер бар. 2. Практикалық тапсырма орындалмады. 3. Жауаптың тұсаукесерінде грамматикалық, терминологиялық қателіктер жіберілді, логикалық реттілік бұзылды. 4. Тиісті нормативтік-құқықтық актілер пайдаланылмады.
Қанағаттанарлықсыз FX (25-49%) F (0-24%)	1. Теориялық сұрақтарға жауап берілмеді. 2. Практикалық тапсырма орындалмады. 3. Тиісті нормативтік-құқықтық актілер пайдаланылмады.

Аралық аттестаттауға арналған тексеру парағы

Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі

Әріптік жүйемен бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

11. Оқу ресурстары

Электронные ресурсы

1. Электронная библиотека ЮКМА - <https://e-lib.skma.edu.kz/genres>
2. Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – <http://rmebrk.kz/>
3. Цифровая библиотека «Акнурпресс» - <https://www.aknurpress.kz/>
4. Электронная библиотека «Эпиграф» - <http://www.elib.kz/>
5. Эпиграф - портал мультимедийных учебников <https://mbook.kz/ru/index/>
6. ЭБС IPR SMART <https://www.iprbookshop.ru/auth>
7. информационно-правовая система «Заң» - <https://zan.kz/ru>
8. Medline Ultimate EBSCO - <https://research.ebsco.com/>
9. eBook Medical Collection EBSCO - <https://research.ebsco.com/>
10. Scopus - <https://www.scopus.com/>

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2025 28 беттің 26 беті
Силлабус		

Электрондық оқулықтар:

1. Дәріс кешені. Ғаламдық денсаулық сақтау пәні бойынша [Электронный ресурс]: дәріс кешені / №1 қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы. - Электрон. текстовые дан. (208Кб). - Шымкент : ОҚМФА, 2016.
2. Эпидемиология. Ерманова С.А., 2019/ <https://aknurpress.kz/reader/web/1081>
3. Ракишева Т.Т., Амреева, Л.М. Салауатты өмір салтының негіздері : Оқу құралы. - Өскемен: ШҚМУ, 2006. - 80 б. <http://rmebrk.kz/book/31480>
4. Әбішева, Т.Ө. Экологиялық білім мен салауатты өмір салтын қалыптастыру : Оқу құралы. - Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2016. – 200 б. <http://rmebrk.kz/book/1160371>
5. Амиреев С.А. / Эпидемиология. Частная эпидемиология: II-ТОМ. учебник. - Караганда: ТОО «Medet Group». 2021. 736с. <https://aknurpress.kz/reader/web/2979>
6. Экологическая эпидемиология. Карабалин С.К., 2016 / <https://aknurpress.kz/reader/web/1082>
7. Жалпы гигиена. Рыскулова А.Р., Кошкимбаева С.А., 2017 / <https://www.aknurpress.kz/reader/web/2189>

Әдебиет:

Негізгі:

1. Денсаулықты нығайту: оқу құралы/ Гусманова Л.К. – Қарағанды: Medet Group, – 2020 -262 б.
2. Алиментарлық аурулардың профилактикасы: оқу құралы / [және т.б.]. - Алматы : Эпиграф, 2022. - 156 б.
3. Лисицын, Ю. П. Общественное здоровье и здравоохранение : учебник / Ю. П. Лисицын, Г. Э. Улумбекова ; М-во образования и науки. - 3-е изд., перераб. и доп ; Рек. ГОУ ВПО "Первый Моск. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 544 ил.
4. Биғалиева, Р. К. Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды басқару : оқулық / Р. К. Биғалиева. - Алматы : Эверо, 2014. - 560 б.
5. Лиходедова Л. Н. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы : оқу құралы / Л. Н. Лиходедова. - Қарағанды : Medet Group, 2021. - 208 б. - Текст : непосредственный.

Қосымша:

1. Тайжанов С. Салауатты өмір салтының негіздері [Мәтін] : әдістемелік құрал / С. Тайжанов. - Алматы : Эверо, 2014.
2. Мамырбаев А.А. Репродуктивное здоровье в системе общественного здравоохранения: монография / б.м./: Хабар-сервис, 2022. – 172с.
3. Тель, Л. З. Кодекс здоровья. Евроазиатская система. Сохранения здоровья: монография / Л. З. Тель. - 6-е изд. - Алматы : Эверо, 2012. - 152 с.
4. Датқаева Г. М. Балалар мен жасөспірімдердегі семіздікті диагностикалау, емдеу және алдын алу ұсыныстары: оқу құралы / Г. М. Датқаева. - Шымкент : Әлем баспаханасы, 2024. - 144 б.
4. Геронтология және гериатрия : оқу құралы / Э. Қ. Бекмурзаева [ж. б.]. - 2-ші бас. - Қарағанды: Medet Group ЖШС, 2024. - 182 б. - Текст : непосредственный.

12

Пәннің саясаты

Білім алушыларға қойылатын талаптар: сабаққа қатысу, тәртібі, мінез-құлық, айыппұлдар және т.б.

1. Оқу, ғылыми-зерттеу жұмыстарына және кафедраның оқу-әдістемелік үрдісін жетілдіру бойынша іс-шараларға белсенді атсалысу.
2. Білім алушының білімін тексеретін аралық бақылау бір академиялық кезеңде 2 реттен кем емес теориялық оқытудың 6/13 күндерінде өткізіледі, аралық бақылаудың қорытындысы дәріске қатыспағаны үшін айып балдарын есепке ала отырып, электронды журналға қойылады.
3. Аралық бақылау қорытындысы деканатқа баянат түрінде циклдің соңында ұсынылады.
4. Аралық бақылау бағасы дәріс пен ОБӨЖ сабақтарын жіберуден алынған айып балдарын есептей отырып қойылады.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Гигиена және эпидемиология» кафедрасы		59-11-2025
Силлабус		28 беттің 27 беті

5. Дәріске қатыспағанда айып балы межелік бақылау бағасынан шегіріледі. 1 дәріске қатыспағандағы айып балы 2,0 балды құрайды.
6. БӨЖ бағасы ОБӨЖ сабақтарында оқу кестесіне сай ОБӨЖ сабақтарына қатыспағаны үшін айып балдарын есепке ала отырып, электронды журналға қойылады (ОБӨЖ сабақтарына қатыспағаны үшін айып балы БӨЖ бағасынан шегіріледі.) 1 ОБӨЖ сабағына қатыспағандағы айып балы 2,0 балды құрайды.
7. Бақылаудың бір түрінен (ағымды бақылау, №1, №2 аралық бақылау) өтпелі балды (50%) жинай алмаған білім алушы пән бойынша емтиханға жіберілмейді.
8. БӨЖ уақытылы тапсырылмағанда қойылған бағадан 10 балл алынады.

13.	Академияның моральдық және этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат
	Сайт ОҚМА https:// skma.edu.kz/
	Академиялық саясат. 4 т. Білім алушының Ар-намыс кодексі
	Пән бойынша баға қою саясаты. Білім алушылардың цикл аяқталғаннан кейінгі қорытынды бағасы (ҚБ) рұқсат беру рейтингісінің (РБР) бағасы мен қорытынды бақылау бағасының (ҚББ) қосындысынан тұрады және балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады. ҚБ = РБР + ҚББ Рұқсат беру рейтингісін бағалау (РБР) 60 балға немесе 60% - ға тең және мыналарды қамтиды: ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) және межелік бақылауды бағалау (МББ). Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) практикалық сабақтар мен БӨЖ сабақтарының орташасын бағалауды білдіреді. Межелік бақылауды бағалау (МББ) екі межелік бақылаудың (МББ) орташа бағасын білдіреді. Рұқсат беру рейтингісінің бағасы (60 балл) мына формула бойынша есептеледі: РБРорт * 0,2 + АББорт * 0,4 Қорытынды бақылау (ҚБ) жазбаша емтихан түрінде өткізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы бағаның 40% - ын ала алады. Қорытынды бақылауды есептеу келесідей түрде жүргізіледі. Мысалы: Емтихан бағасы 100 x 0,4 = 40 балл. Қорытынды баға (100 балл) = РБР орт * 0,2 + МББ орт * 0,4 + ҚБ * 0,4 бақылау түрлерінің бірі (МБ1, МБ2, АБ орт) үшін қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушы емтиханға жіберілмейді.

14. Бекіту және қайта қарау			
Кітапхана - ақпараттық орталығымен келісілген күні	Хаттама № 7	КАО басшысы	Қолы
ҚД ББ АҚ мақұлдаған күні	Хаттама № 25.06.25	Дарбигева Р.И.	Қолы
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама № 27.06.25	ББ АҚ төрайымы Сарсенбаева Г.Ж.	Қолы
Кафедрада қайта қарау күні	Хаттама № 26.06.25	Кафедра меңгерушісі Утепов П.Д.	Қолы
ҚД ББ АҚ қайта қарау күні	Хаттама №	Кафедра меңгерушісі Утепов П.Д.	Қолы
		ББ АҚ төрайымы Сарсенбаева Г.Ж.	Қолы

